

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Абай облысының Әділет департаменті
республикалық мемлекеттік мекемесі
Заңды тұлғаға (филиал мен өкілдікке)
мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу

20 22 ж. 27 09 жүргізілді
БСН 050240000697
20 05 ж. « 03 » 02
ӘМТН 48-1977-27-144



Қала әкімдігінің
2022 жылғы «31» тамыз
№ 1430 қаулысымен
бекітілген

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. «Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Бөлім) қалалық бюджеттен қаржыландырылатын, жергілікті мемлекеттік басқарудың өзінің құзыретіне жатқызылған жекелеген функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлім өзқызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзгеде нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Бөлім азаматтық – құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Бөлім заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес Абай облысы Семей қаласының әкімдігімен бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Абай көшесі, 97.

9. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Бөлімгекәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым - қатынас жасауға тыйым салынады.

2. Бөлімнің мақсаттары мен өкілеттіктері

12. Мақсаттары:

1) мемлекеттік және басқа да тілдердің, мәдениет, өнер және кино желісі мекемелері мен кәсіпорындарының жұмыс етуі және дамуы үшін ұйымдастырушылық жағдайлар жасау;

2) ұлтаралық қатынастарды үйлестіруге, мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асыру нысандарын жетілдіруге бағытталған шараларды іске асыру;

3) мемлекеттің ұлттық және тіл саясаты саласындағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету бойынша шығармашылық одақтармен, қоғамдық бірлестіктермен және басқа да мемлекеттік емес құрылымдармен өзара іс – қимыл жасау;

4) мәдениет, өнер және кино мекемелері мен кәсіпорындарының қолда бар материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалануға, тарихи-мәдени мұраны дамытуға жәрдемдесу;

5) шаруашылық жүргізудің экономикалық әдістерін дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету, мәдениет, өнер және кино желісі саласында нарықтық қатынастарды енгізу;

6) алыс және жақын шет елдермен мәдени байланыстарды нығайту;

7) қалада біртұтас тіл саясатын жүргізуде жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, ұйымдардың қызметін үйлестіру және бақылау.

13.Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңнамаға сәйкес ведомстволық бағынысты мекемелер мен кәсіпорындар басшыларын тағайындау және лауазымынан босату;

мемлекеттік органдардан, ведомстволық бағынысты мекемелер мен кәсіпорындардан, лауазымды адамдардан мәдениет, ұлтаралық және тіл саясаты жөніндегі құқықтық актілерді орындау мәселелері бойынша ақпаратты сұрату және алу;

өз құзыреті шегінде ведомстволық бағынысты мекемелермен кәсіпорындардың орындауы үшін міндетті актілерді (бұйрықтарды) шығару;

өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау, аталған мәселелер бойынша түсініктемелер беру;

өз құзыреті шегінде мәдениет, өнер және кино саласында тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша қалалық коммуналдық заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы, сондай-ақ олардың акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестерге қатысуы, оларды құру, қайта ұйымдастыру, тарату, акционерлік қоғамдардың өздеріне тиесілі акцияларын, жауапкершілігі шектеулі серіктестердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін иеліктен шығару туралы шешімнің жобасын әзірлеу және бекітуге енгізу;

мәдениет, өнер және кино желісі кәсіпорындарын мемлекеттік мекемелерін, ұстау сметасын (шығыстар жоспарын) бекіту;

ведомстволық бағынысты мекемелермен кәсіпорындарда мәдени-ағарту қызметін жүзеге асыруға бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатты пайдаланылуын тексерулер жүргізу;

осы Ережеде, қолданыстағы заңнамада айқындалған құзыреті шегінде басқа мекемелермен, ұйымдармен және жеке тұлғалармен өз қатынастарын құру;

өз қызметін жүзеге асыруға шығыстар сметасын әзірлеу және бекітуге ұсыну;

тиісті саланың уәкілетті органдарының құзыретіндегі акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін және жауапкершілігі шектеулі серіктестердегі қатысу үлестерін, мемлекеттік заңды тұлғалардың құқық субъектісін иелену мен пайдалану құқықтарын жүзеге асыру;

акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестерді құру;

өз құзыреті шегінде мәдениет, өнер және кино мекемелеріне бекітілген қалалық коммуналдық мүлікті қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

мәдениет, өнер және кино мекемелері саласындағы қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғысын (ережесін), оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу және бекітуге енгізу;

қала әкімдігі құрған коммуналдық мемлекеттік мәдениет, өнер және кино кәсіпорындары қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындау;

мәдениет, өнер және кино мекемелеріне бекітілген қалалық коммуналдық мүліктің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз ету;

қала әкімдігі құрған мәдениет, өнер және кино саласындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерін қарау, келісу және әкімдіктің бекітуіне енгізу;

қала әкімдігі құрған мәдениет, өнер және кино саласындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестердің даму жоспарларының орындалуына бақылауды және талдауды жүзеге асыру;

мәдениет, өнер және кино саласындағы қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың филиалдар мен өкілдіктерді құруы жөнінде ұсыныстар енгізу;

мәдениет, өнер және кино саласындағы қалалық коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкін облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне беру жөнінде ұсыныстар енгізу;

егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік ұйымдарға бекітілген мүлікті (жер учаскелерінен басқа) алып қою не оны басқа құрылған заңды тұлғалар арасында қайта бөлу;

Бөлімнің функцияларына жатқызылған мәселелер бойынша сот органдарында оның мүддесін білдіру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыру;

Бөлімнің алдына қойылған міндеттер мен функцияларды толық көлемде орындауды қамтамасыз ету;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа міндеттерді орындау.

14. Функциялары:

1) мәдениетті, тілдер мен көпұлтты өнерді дамытудың өңірлік бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеуге қатысады;

2) ұлттық мәдениетті дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шараларды және тілдерді дамыту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

3) мәдени-ағарту жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды енгізеді, өңірде мекендейтін халықтардың «интернационалдық достық» негізінде өзара молаюына және жақындасуына жәрдемдеседі;

4) Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясымен, оның атқарушы органдарымен және ұлттық-мәдени орталықтармен тығыз ынтымақтасады;

5) мемлекеттік тілдің күнделікті практикада қызмет етуі, оны қайта өрлету, тереңдетіп зерделеу және дамыту, өңірде тұратын барлық қауымдар мен топтардың ұлттық тілдерін жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және іске асырады;

6) өңірде тұратын барлық ұлттарды рухани қайта өрлету және әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін дамыту жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

7) тіл саясаты мәселелері жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлейді;

8) барлық ұлттардың дербес көркемөнер шығармашылығын дамытуға, салауатты қажеттіліктер мен жоғары эстетикалық нормалар мен талғамдарды қалыптастыруға жәрдемдеседі;

9) тарихи – мәдени құндылықтарды анықтау, зерделеу, қалпына келтіру, қорғау және пайдалану ісінің нығаюы мен дамуына бақылауды жүзеге асырады;

10) дарынды шығармашыл жастарды анықтау жөніндегі жұмысты жүргізеді, олардың одан әрі дамуына және мәдениет, өнер және кинематография орындарында оқуына жәрдемдеседі;

11) материалдық – техникалық қамтамасыз ету, конъюнктураны зерделеу жөніндегі жұмысты жүзеге асырады, мәдениет, өнер, кино мекемелері мен кәсіпорындарының, ұлттық – мәдени орталықтардың халыққа көрсететін қызметтерін кеңейтуге жәрдемдеседі;

12) қалалық ономастикалық комиссияның жұмысын үйлестіреді, сондай – ақ ЖОО оқытушылары мен ғалымдарын, қоғамдық ұйымдар өкілдерін тарта отырып, өңірдегі ономастикалық іске талдау жүргізеді;

13) социологиялық зерттеулер жүргізеді;

14) қалада тілдік ахуалдың мониторингін жүргізеді;

15) жергілікті өкілді, атқарушы және басқа да мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен мекемелердің тіл заңнамасын сақтау мәселелері бойынша қызметін үйлестіреді және қадағалайды, оны бұзу фактілерін қарайды және олар бойынша шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

16) қаланың әлеуметтік – экономикалық дамуын рейтингтік бағалау көрсеткіштерінің жақсартылуы бойынша мониторинг, талдау және бақылау жүргізеді.

3. Бөлім басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

15. Бөлімді басқаруды Бөлімбасшысы жүзеге асырады, ол Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкiлеттiктерiн жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

16. Бөлім басшысын қолданыстағы заңнамаға сәйкес қала әкімі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

17. Бөлім басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

18. Бөлім басшысының өкiлеттiктерi:

1) заңнамаға сәйкес Бөлімнің жұмыскерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) бекітілген құрылымы мен штат саны шегінде Бөлімнің штат кестесін бекітеді, Бөлімнің бұйрықтарына қол қояды;

3) Бөлім қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен көтермелеуді жүзеге асырады және тәртіптік жазалар қолданады;

4) өз құзыреті шегінде жұмыскерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын және Бөлімнің басқа да құжаттарын бекітеді;

5) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Бөлімнің атынан өкілдік етеді, Бөлімнің мүддесін білдіруге сенімхат береді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкiлеттiктердi жүзеге асырады.

19. Бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкiлеттiктерiн қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бөлім басшысы өз орынбасарларының өкiлеттiктерiн қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. Бөлімнің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын Бөлім басшысы басқарады.

4. Бөлімнің мүлкі

22. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай – ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Бөлімге бекітілген мүлік қаланың коммуналдық меншігіне жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлімнің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

25. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Семей қаласының тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мұқыр ауылының кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қайнар ауылының орталықтандырылған кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарына арналған арнайы кітапхана» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Семей қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Семей қаласының «Шамшырақ» зағип және нашар көретін азаматтарға арналған клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Семей» мәдени – демалыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Семей қаласының Достық үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Семей қаласының қалалық мәдениет сарайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

«Абай облысы Семей қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Семей қаласының саңырау және мылқау азаматтарына арналған клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.